

Бекітемін:

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Менеджерісі Т.Ж.Жармағамбетова



«Сторителлинг әдісі арқылы мектеп жасына дейінгі
баланың коммуникативтік дағдысын дамыту»

Дайындаған әдіскер: А.Панина

2023-2024оқу жылы

Сторителлинг-ұйымдастырылған іс-әрекетті түрлендірудің керемет әдісі. Әр баланың қызығушылығына мән беріп, әр баланы жете зерттеу әдістерінің жиынтығы болып саналады. Бұл әдісті кез-келген уақытта қолдануға болады. Сторителлинг әдісін ең алғаш ойлап тапқан Дэвид Армстронг деген жеке кәсіпкер ойлап тапты. Педагогика саласына қатысы жоқ адам ойлап тапқан. Сторителлинг -ағылшын тілінен аударғанда стори-әңгіме, теллинг айтып беру деген мағынаны береді. Сторителлинг әдісінің мақсаты-тыңдарманның сезімдерін басқарып, назарын өзіне аудару, бұл баланың миында психологиялық өзара байланыстарының қалыптасуы арқылы жадында әңгіме немесе оқиғаның ұмытылмай сақталуына көмектеседі.

Балаларға ертегі, әңгіме, оқиға желісін айтып беру бұл да сторителлингтің бір формасы болып табылады. педагогика саласында сторителлинг техникасы оқиғаны баяндау арқылы және тұрақты кейіпкері бар, көптеген қарама-қайшылықтарды шешуге көмектесу. Сторителлинг жалпы үш бағытқа бөлінеді. Сандық сторителлинг, классикалық сторителлинг, белсенді сторителлинг.

Классикалық сторителлингте оқиғаны педагог өзі баяндайды. Қызықты оқиғаны баяндай отырып, баланың есінде қалатындай баяндап береді. Белсенді сторителлингте балалар өз ойларынан оқиға желісін құра отырып, сюжеттің ішіне өз қиялдарынан қосады. Сандық сторителлингте оқиғаны баяндау желісінде визуалдық компоненттермен жүзеге асырылады.

Аталған әдісті балабақшада қолдануға кеңес беріп, аталған тақырыпта шебер- сынып ұйымдастырған болатынымын. Сондағы жұмысымнан бір -екі мысал келтіремін. Барлық балабақшаларға, мектепке дейінгі ұйымдарға ортақ мәселелер бар. Күнделікті кездесіп отырады. Соның бірі -баланың балабақшаға күнделікті кешігіп келуі. Алдымен, әріптестеріме сұрақ бердім. Осындай жағдайда сіз не істейсіз? Әрқайсысы өз ойларын айтып берді. Алдарына суретті карточкалар мен соған сәйкес сөздерді бердім. Соларды сәйкестендіруін өтіндім. Барлығы дайын болған соң сторителлинг әдісімен құралып шыққан әңгімені баяндап беруін өтіндім. Сторителлинг әдісімен балаларға қызықты әңгіме құрап баяндады. Әріптестермен кері байланыс алдым.

Сторителлинг әдісі арқылы сиқырлы текшелер ойынын ойнатуға болады. Ол үшін тоғыз текшенің сыртына алты қырына алты түрлі балаларға арналған қызықты суреттер жапсырдым. Текшелерді лактыру арқылы сторителлинг әдісі арқылы қатар-қатар тұрған әріптестер бірін-бірі жалғап, әңгімені құрастырып алып кетеді. Бұл әдісті күнделікті балаларға

қолдану коммуникативтік дағдысы қалыптаспаған, сөйлеу тілі кеш дамып келе жатырған балаларға қолдану өте тиімді деп есептедім. Бұл ойын балаларға өте қызықты. Оқиганы бір мезетте құрай алады. Және өз қиялынан немесе көрген ертегі, мультфильмдерден қосып та айтуы мүмкін. Өзі қалағандай сюжет құра отырып, сөз бен сөзді байланыстырады, оқиганы дұрыс жалғастырып кете алады.

Қорыта келе, сторителлинг әдісі-бұл балалардың тіл байлығын дамытып, сөздік қорын молайтатын бірден-бір әдістердің бірі деп естептеуге болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілі дұрыс қалыптасса, дұрыс жетілсе, сөзді, сөйлемді дұрыс құрап, толық өз ойын жеткізе алса, мектепке дайын тұлға қалыптасары сөзсіз.